

Құқықтану» кафедрасы
Сартбаева Улданай Қараханқызы
заң ғылымдарының кандидаты,
«Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі



Кафедра тарихы

Құқықтану кафедрасы 1998 жылдан бастап университет құрамында жұмыс атқаруда. Кафедра 050301–Құқықтану, 5В030100-Заңтану мамандығы бойынша, елімізге білікті заңгер - бакалавр мамандар дайындауда. Кафедрада білім алатын студенттер оқытудың жаңашыл кредиттік - технология үрдісімен білім алуда. Студенттердің білімін жетілдіру мақсатында кафедрада заң ғылымының докторы, профессорлармен бірге заң ғылымдарының кандидаттары, доценттер және де құқық магистрлері мен аға оқытушылар жұмыс атқаруда. Университеттегі кафедраға қарасты компьютер кластары, интернет, криминалистика кабинеті мен сот мәжілісі залы соңғы үлгідегі қондырғыларымен жабдықталған. Кафедраның оқытушы- профессор құрамы білікті заңгер мамандарды дайындауда алғыс хаттармен марапатталуда. “Құқықтану” мамандығы бойынша мамандарды дайындау бағыты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2001 жылға 19 ақпанындағы N 85 бұйрығымен бекітілген Классификаторға сәйкес жүргізіледі. “Юриспруденция” мамандығы құрамында іске асырылатын білімдік-кәсіптік мамандандырудың тізбесі:

- Құқық бакалавры немесе заңгер бакалавр даярлау бойынша;
- Заңгер-маманды даярлау бойынша. Құқық бакалавры және заңгер-маман даярлаудың әрбір білім беру бағдарламасы шеңберінде төмендегідей мамандандыру болып табылады:
- Кәсіпкерлік құқықтық;
- Сот-прокурорлық;
- Тергеу-криминалистік;
- Мемлекеттік қызмет және басқару;
- Салықкедендік;
- Халықаралық құқық қолдану қызметі. Оқыту мерзімі:
- Жоғары базалық білім (бакалавриат) – 4 жыл
- Жоғары арнаулы білім беру негізінде – 1 жыл.

Жоғары базалық білім алған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлкке “бакалавр-заңгер” деген біліктілік және академиялық дәреже беріледі. Жоғары арнаулы білім алған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлкке “маман-заңгер” біліктілігі беріледі. “Юриспруденция” мамандығы бойынша тұлктер келесі кәсіптік қызмет түрлерін орындай алады: бакалавр-заңгерлер:

- Құқық қолдану тәжірибиесінің нақты түрлері (тергеу, сот, прокурорлық, адвокаттық, атқару-өндірістік, нотариалды куәландыру т.б.).

- Орта оқу орындарында білім беру. Маман-заңгер мына қызметтерді орындай алады:

- Құқық қолданатын қызметтің барлық түрі;

- Ұйымдастыру-басқару; • Орта және арнаулы орта оқу орындарында білім беру; • Заң шығармашылық;

- Ғылыми-зерттеу, оған аспирантурада дайындықтан өту де кіреді.

“Юриспруденция” мамандығы бойынша бакалавр мен мамандар даярлаудың білім беру бағдарламаларының неізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- Толыққанды сапалы заң білімін алуы;

- Құқық қолдану қызметінің дағдыларын меңгеруі;

- Қоршаған материалдық дүние және қоғам өмірі туралы жүйелі-тұтас түсінік алуы;

- Гуманитарлық, мәдени, этикалық нормаларды, ойлау мәдениетін меңгеру;

- Бітіруші білім алудың жеке бағдарламасын таңдауы және оғары кәсіптік білім берудің кейінгі сатыларында білімін жалғастырулары қажет.